



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 25/410
26 июня 2015 года

Вестник

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ШАРА

Қалада мемлекеттік қызметкерлер күнінің қарсаңында «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ ұйымдастыруымен қала мекемелерінің мемлекеттік қызметкерлері арасында жеңіл атлетикадан жүгіру жарысы өтті.

Жарысқа әкім аппаратының және мемлекеттік мекеме бөлімдерінің қызметшілерінен барлығы 47 адам қатысты.

Әйелдер арасында әкім аппаратының кадр бөлімінің басшысы Шолпан Рысжанова жеңімпаз атанды, 2, 3 орынды салық басқармасының қызметкерлері Г.Адрисова және А.Демей иеленді.

Ерлер арасында кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы Айдын Алтаев жеңімпаз атанса, 2 орынды осы бөлімнің басшысының орынбасары Ақан Жүсіпов және 3 орынды – қалалық қазынашылық Басқармасының басшысы Талант Манаков жеңіп алды. Барлық жеңімпаздар кубоктармен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Жер қатынастары және архитектура бөлімі басшысының орынбасары Ж.Сарсенбеков және Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы А.Ким жарысқа белсене қатысқаны үшін мадақтама қағаздарымен марапатталды.



-Біз танертеңнен кешке дейін кабинетте отырамыз. Әрине салауатты өмір салтын ұстану қажет. Сондықтан біз аса көтеріңкі көңіл күймен жүгіріп өттік - деді мемлекеттік қызметкерлер бір ауыздан.

Қала әкімінің баспасөз қызметі

ДНЮ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ ПОСВЯЩАЕТСЯ

В рамках празднования Дня Государственных служащих Республики Казахстан ГУ «Отдел физической культуры и спорта города Приозерск» было проведено соревнование по городскому массовому легкоатлетическому забегу среди государственных служащих. В соревновании участвовало всего 47 государственных служащих с аппарата акима, с отделов государственных учреждений.

Среди женщин победу одержала руководитель организационной работы и кадровой службы аппарата акима Шолпан Рысжанова. 2-3 места заняли государственные служащие налогового управления Г.Адрисова и А.Демей.

Среди мужчин первое место досталось главному специалисту отдела предпринимательства и сельского хозяйства Алтаеву Айдыну, 2 место занял заместитель руководителя отдела предпринимательства и сельского хозяйства Жусупов Ахан, 3 место - руководитель управления казначейства Талант Манаков. Все участники соревнования были награждены грамотами и кубками.

Похвальными грамотами за активное участие в данном соревновании несмотря на свой возраст, были награждены заместитель руководителя земельных отношений,

архитектуры и градостроительства Ж.Сарсенбеков и руководитель отдела занятости и социальных программ А.Ким.

-Мы с утра до вечера находимся в кабинетах. Конечно, надо поддерживать здоровый образ жизни. И мы с удовольствием пробежали - дружно сказали госслужащие.

Пресс-служба акима города



6-шілде – Астана күні

ӘЛЕМДІ ТАМСАНДЫРҒАН АСТАНА



Тарихтың аса бір қысқа мерзімінде бой көтеріп, әлемнің әрдегі замандарында, яғни ғасырлардан асып түсер кезеңдерден бері астана болып келе жатқан талай да талай бір әйгілі де әйдік қалалардан өзінің сәні мен салтанатын да, сәулеті мен дәулетін де асырып, адамзаттың бүгінгі өркениеті алдындағы өзінің тарихи миссиясын да адал атқарып, адам баласының жақсылықтар мен татулық, бірлік пен ынтымақтастық және бауырмалдық үмітінің шырағын жағып келе жатқан Астана даңқы әлемге қазақ елінің даңқы болып жайылғандығын ауыз толтыра айтқанымыз жөн болар. Дүние жаралғалы әлемде бірде-бір мемлекеттің астанасы қатарымен төрт мәрте әлем діндері лидерлерінің басын қосып көрмегені ақиқат. Міне, сол басқосулар 2003-жылдан бері біздің Астанамызда өтіп келеді. Ұлы тарихтың осы бір ұлы жүгін лайықты көтере білген Астананың бүгінгі күні айдай әлем алдындағы жүзі жарқын, мерейі үстем, абыройы асқақ екендігі тағы да бар. Астана қаласымен аспандағы дүние алдындағы абыройымыз және де осы бір жарқын да үстем мерейіміз үшін біз ең әуелі бір ғана адамға – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа алғысымызды айтар едік.

- Біз Алағандың бауырындағы Алматыға сия алмай емес, Алматыны қия алмай кетіп барамыз, - деген Елбасының осы бір ауыз жүрекжарды сөзі ел мен жер тағдыры үшін басын бәйгеге тігіп бара жатқан ердің жүрек лүпілі мен жауапкершілігіндей сезілері бар. Желмаямен желіп жүріп, жер ұйығын іздеген Асанқайғы бабасындай тәуелсіз елі үшін ендігі жер ұйығын іздеген Нұрсұлтан Назарбаев Есілдің бойына ел қондырып, алғашқы қазығынан бастап өзі қағып, бүгінгі айдынды да айбынды Ақордалы Астананы дүние әкелгендігі біздің, яғни қазақ елінің мәңгілік ел бола алатындығын дәлелдеп, осыған ең

әуелі өз жұртының да, одан қалды дүние жұртының да көздерін жеткізіп, иландыра білген ұлылығы еді. Енді келіп, ХХІ ғасырдағы қазақ елін және ата-бабаларымыз үшін ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізді бүгінгі Астанасыз көз алдымызға елестетіп бір байқаныздаршы!

Бұл Астана тәуелсіздігінің лүп-лүп соғып тұрған жүрегі емес пе?! Бұл Астана халқымыздың барлық ұлы мұраттарының Бәйтерек болып теренге тартқан тамыры, жайқалған жапырағы емес пе?! Бұл Астана дөңгеленген дүниенің қазақ иеленіп отырған қасиетті бір жеріне орнатылған әлемнің төрт бұрышынан да көзге түсіп, көрінер, алтын тұғырлы ең заңғар да, ең биік, ең абзал да, ең бір азбайтын да тозбайтын мәңгілігінің мәңгілігі жолында мың өліп, мың тірілген қазақ үшін соғылған ұлы Ескерткіш! Сол ұлы да қасиетті, киелі Ескерткішті қазақ халқы үшін тұрғызып берген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты өз халқының алдындағы перзенттік те президенттік парызына әмәнда адал болып келе жатқандығын және де өз халқы үшін небір көзсіз ерлікке бара алатын, батыл да батыр, дара да дана қасиетін айғақтап тұр. Бұл Астана Елбасына өзінің жеке басының абыройы мен беделін асырып, асқақтату үшін қажеттілігі шамалы екендігін де ескерейік. Назарбаевтың бір басының атағы мен абыройы, даңқы мен беделі әлемге әйгілі, ақылы мен парасаты, сарабал саясаткерлігі, адамзатты адал да шынайы жанашыры ретінде биік адами қасиеті, кісілік келбеті дүниеге танылғалы, мойындалғалы қашан!

Астана өзінің бүгінгі әлемдік өркениеттің сәулетімен де, шалққан дәулетімен де, ынтымағы, бірлігі жарасқан әулетімен де, мәңгілік тіршіліктің аспанына ұмтылған заңғар биігімен де, нұрлы дүниеге нұр шашқан самала алау жарығымен де, көрген жанды сүйсіндіріп, жанына шуақ құяр жылуымен де, келген жанның барлығын жаңа бір үміттермен жетелей жөнелер көшесімен де, сая болар жасыл бағымен де ең әуелі қазақ баласы – біз үшін, біздің болашағымыздың, біздің тәуелсіздігіміздің мәңгілігі үшін қажет екендігін ұғынатын кез келді! Астана бір әлем болса, сол әлемді танып ала білу үшін әуелі қазақы сезімтал жүрек пен қазақы жүйрік сенім,

түйсік керек! Елбасы тарих беріп отырған мүмкіндіктің, яғни тәуелсіздіктің арқасында қазақ даласына сол әлем орнап қалса екен деген бір ғана ізгі мұратты көздегені бар. Әлемнің бір-бір бөлшегін даламызға әкеліп орнатып бере алған Елбасы бүгінгі Астананы салу арқылы барша қазақ жұртын егемендік жолында ерлік жасауға талпындырса, қазақ жұртына айдай әлемді сүйсіндірте білген тағы бір кеменгерлігі мен ерлігі болғандығын айтқан ләзім!

Астанада өткен «Жаңа әлемдегі Еуразиялық мәдениет» халықаралық форумы қазақ елінің елордасын әуелден «Достастықтың мәдени астанасы» деп таныған әлемнің көрнекті қайраткерлері мен зиялыларының үмітін тағы бір ақтағандай болды. Ел мен жер аралығына шекара сызықтары түскенімен, адамдардың көңілдері мен ниеттерінің, жүректері мен ой мүдделерінің аралығында ешқандай сызық жоқ екендігінің тағы бір куәсі болдық. Талай бір өнер мен

мәдениеттің майталман өкілдерінің бір-бірімен жадыраған жарқын көңілдері мен сағынышқа да, әлдебір ізгілікке де толы құшақтарының қауышқандығын көрдік. Адамзат осы бір таза да сағынышты және де адал көңілдерімен табысып, қауышып тұрулары арқылы ғана бүгінгі дүниені де, оның тіршілігін де, өздері мен өз мәдениеттері хәм өркениеттерін де сақтап қала алатындығы жайлы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтып келе жатқан ой мен пікір сөзінің әуелі өз Астанамызда жүзеге асырыла бастауы да қазақ елі елордасының әлемдік деңгейге көтерілгендігінің бір айғағы деп бағалануы керек. Иә, біздің Астана – әлемнің үмітті астанасы!

Амандық СЕРІКОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

Абырой. міндет. ерлік !

ПОЛИЦИЯ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Өткен сәрсенбінің сәтті күнінде Қарағанды облысы Ішкі істер Департаменті Приозерск қаласы ішкі істер бөлімінің құқық қорғау қызметкерлері өздерінің төл мерекелерін қалалық офицерлер үйінің мәдениет ғимаратында атап өтті. Кәсіби мерекеге қаладағы мекемелер және ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ПБ қызметкерлері мен ардагерлері, қала қонақтары қатысты. Қарағанды облысы ПД Приозерск қаласының ПБ бастығы, полиция майоры Ф.Мұсабеков ашып, әріптесерін және осы салада ұзақ жылдар қызмет еткен, бүгінде зейнетте жүрген қызметтестерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.



Құқық қорғау органы қызметкерлері мен байырғы полиция саласында қызметте болған жандарды қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин Қазақстан полициясының құрылғанына 23 жыл толған мерекелі күнімен құттықтап, олардың халықтың тыныштығын қорғау жолындағы атқарып жүрген қызметтерінің маңызды екенін, құқық қорғаудағы еткен еңбектерінің еленетінін атап өтті. Алдағы қызметтерінде жетістіктер мен табыстар тіледі.

Бұдан кейін бірінен соң бірі мінберге көтерілген қалалық мәслихат хатшысы Б.М.Сәрсембеков, РФ ҚК Приозерск гарнизонының командирі О.В.Кислов, РФ 40-гарнизон сотының судьясы

(соңы 2 бет.)

КАЗАХСТАН ВСТУПИЛ ВО ВСЕМИРНУЮ ТОРГОВУЮ ОРГАНИЗАЦИЮ

В Женеве состоялось финальное заседание Рабочей группы, на котором официально объявлено о завершении переговоров по вступлению Казахстана во Всемирную торговую организацию (ВТО). Об этом глава государства Нурсултан Назарбаев сказал в своем обращении к народу Казахстана.

Президент назвал это событие историческим. Казахстан станет 162 членом ВТО. Все крупные экономики мира признали Казахстан как страну с благоприятным инвестиционным климатом, ведущую торговую политику в соответствии с нормами международного права.

«Членство в ВТО открывает перед нашей экономикой новые горизонты. Это обеспечивает нашим предприятиям доступ к зарубежным рынкам, а потребителям – большой выбор товаров и услуг. Сегодня 90% нашей торговли приходится на страны – члены ВТО. Поэтому данное решение для нас очень важно. Казахстан становится еще более привлекательным как для иностранных, так и отечественных инвесторов. Мы получаем возможность для создания новых производств и рабочих мест», – говорится в обращении Президента.



Он напомнил, что переговоры шли в течение 19 лет. Правительство и эксперты в ходе переговоров отстаивали выгодные стране условия.

«Мы согласовали позиции по самым чувствительным для нашей экономики вопросам. Среди них и поддержка сельского хозяйства – именно по данному пункту мы вели сложные переговоры в связи с тем, что от нас требовали снижения субсидий, но мы отстаивали свои позиции. Это и вопросы «казахстанского содержания», и рынок финансовых услуг и телекоммуникаций. Нам удалось совместить требования ВТО и ЕАЭС, исходя при этом из наших национальных интересов», – отметил президент.

Он также подчеркнул, что вступление в ВТО – это победа всего Казахстана, признание его неотъемлемой частью глобальной экономической системы.

«Символично, что двери Организации распахнулись перед нашей страной в тот момент, когда мы начинаем претворять в жизнь Пять народных реформ. Стандарты работы ВТО совпадают с духом этих реформ – прозрачностью, эффективностью, конкурентоспособностью», – добавил он.

Президент заявил, что после вступления в ВТО Казахстан не откажется от содействия отечественным предприятиям. Теперь меры поддержки, оказываемые государством, должны соответствовать международным правилам. В то же время казахстанские предприятия должны научиться конкурировать по правилам ВТО.

«Я давно об этом говорю, и вот подошло то время, когда нам придется конкури-

ровать с другими странами не только в рамках ЕАЭС, но и в масштабах ВТО. Впереди у нас еще много работы. Как я всегда предупреждал, вместе с преимуществами вступления в эту организацию усиливается и конкуренция. Всем товаропроизводителям надо подтягиваться на мировой уровень», – подчеркнул глава государства.

Вступление в ВТО будет способствовать нашей интеграции в мировую экономику, вхождению в 30-ку ведущих стран мира и выполнению Плана нации «100 конкретных шагов».

«Предстоит доказать, что мы сможем воспользоваться теми преимуществами, которые дает ВТО. Убежден, что у Казахстана это получится, и мы займем достойное место среди ведущих стран мира», – заключил Нурсултан Назарбаев.

Источник: Kapital.kz

ПОЛОЖЕНИЕ о конкурсе на разработку логотипа 60-летия города Приозерск

Цель конкурса.

Разработка логотипа 60-летия города Приозерск.

Логотип предполагается использовать при подготовке печатных изданий, рекламных материалов, оформления мероприятий, посвященных 60-летию города Приозерск, для нанесения на различные носители. Этот логотип будет сопровождать мероприятия и промо-материалы в рамках подготовки и проведения праздничных мероприятий в честь Дня города Приозерск.

2. Требования к содержанию и оформлению конкурсных работ.

Логотип должен отражать следующую тему: 60-лет городу Приозерск.

Дизайн-макеты принимаются в электронном виде, в форматах JPEG с разрешением не менее 300 dpi.

Победитель конкурса должен предоставить работу в векторном виде (CDR, AI, EPS, с указа-

нием версии программы).

Логотип должен выдерживать масштабирование до 1,5 см в один из габаритов, толщина линий должна быть не меньше 0,2 мм, цветовая палитра CMYK, Pantone (с указанием цветового кода) и ч/б вариант.

3. Сроки проведения конкурса.

Работы на конкурс принимаются с 1 июля 2015 по 1 сентября 2015 года.

Подведение итогов Конкурса с 10 сентября 2015 по 20 сентября 2015 года. Подведение итогов состоится 21 сентября 2015 года.

4. Порядок представления материалов на конкурс.

Дополнительную информацию о порядке проведения конкурса можно получить в Оргкомитете по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, ул. Пушкина, д.7, каб. № 4, № 20. Контактные телефоны: 8 (71039) 5-30-82; 5-28-92, 5-27-92. E-mail: ovp-prio@mail.ru

ОВП г.Приозерск

Приозерск қаласының 60-жылдығына арналған логотипті жасау бойынша конкурстың ЕРЕЖЕСІ

1. Конкурстың мақсаты.

Приозерск қаласының 60-жылдығына арналған логотипті жасау. Логотип Приозерск қаласының 60-жылдығын мерекелуге арналған баспа шығарылымдарын, жарнамалық материалдар дайындауда және іс-шараларды безендіруде қолданылатын болады. Бұл логотип Приозерск қаласы күнін атап өтуге арналған мерекелік іс-шараларды дайындау және өткізу аясындағы іс-шараларда және промо-материалдарда қолданылатын болады.

2. Конкурстың жұмыстардың мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар.

Логотип келесі тақырыпты көрсетуі керек: Приозерск қаласына 60 жыл. Дизайн-макеттер электронды түрде JPEG форматында (300 dpi кем емес) қабылданады.

Конкурстың жеңімпазы жұмысын векторлы түрде беруі қажет (CDR, AI, EPS, бағдарламаны

көрсетеді).

Логотип 1,5 см дейінгі масштабта болуы және сызық қалыңдығы 0,2 мм кем болмауы қажет, түстік палитрасы CMYK, Pantone (түстік коды нұсқалады) және кара-ақ вариантта.

3. Конкурстың өткізу мерзімі

Конкурсқа ұсынылатын жұмыстар 2015 жылғы 1 шілдеден бастап 2015 жылғы 1 қыркүйекке дейін қабылданады. Конкурсты қорытындылау 2015 жылғы 21 қыркүйекте болады.

4. Материалдарды конкурсқа тапсыру реті.

Оргкомитет мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 7 үй, № 4, № 20 кабинеттер. Байланыс телефондары: 8 (71039) 5-30-82; 5-28-92, 5-27-92. E-mail: ovp-prio@mail.ru

Приозерск қ. ІСБ

ПОЛИЦИЯ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

(соңы басы 1 бет)

Г.Гузманов және басқа да мекемелер басшылары, зейнеттегі әріптестері, ардагер полиция қызметкерлері Т.Бекенов пен А.Струментовтер, қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Р.Талмекеева құқық қорғаушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, естелік сыйлықтар табыс етті.

Бірінші полиция қызметкерлері ҚР Ішкі



істер Министрінің атынан I, II, III-дәрежелі мерекелік төсбелгілерін омырауларына тақты. Облыстық ПД тарапынан, қала әкімі мен қалалық мәслихаттың «Алғыс хаттары» және «Құрмет грамоталары» табысталып, ақшалай сыйлық алатындардың тізімі оқылды. Полиция саласында



мүлтіксіз қызмет етіп жүрген қызметкерлердің ата-аналарының атына «Алғыс хаттар» мен заттай сыйлықтар тапсырылды.

Кәсіби мерекеге арналған жиынның соңы қала өнерпаздарының күшімен ұйымдастырылған мерекелік концертке ұласты. Онда кішкентай әнші қыз Аружан Бекенованың шырқаған «Құстар әніне», «Айналайын» балабақшасының бүлдіршіндері билеген «Көбелек» биіне және Мақсат Артықбаев орындаған «Менің елім» әніне көрмендер сүйсіне қол соқты.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

ИЗБАВИМ БИЗНЕС ОТ КОРРУПЦИИ

Защита и поддержка предпринимательства – одно из важных направлений государственной политики, о котором говорит Глава государства в своих ежегодных Посланиях народу Казахстана.

Нынешнее Послание «Нұрлы Жол – путь в будущее» представляет собой новый этап в поступательном развитии Казахстана. Президент предложил новую экономическую политику, уникальную программу действий. Его Послание в полной мере отражает возросший экономический потенциал Казахстана. Огромные средства направлены на строительство инфраструктуры, решение актуальных социальных задач, оздоровление финансового сектора.

Учитывая, что казахстанское предпринимательство должно стать движущей силой национальной экономики, Президент Казахстана в очередной раз поручил оказать поддержку малому и среднему бизнесу. Это говорит о том, что Глава государства заботится и ставит интересы населения превыше всего.

В этих условиях требуется защитить бизнес от коррупционных посягательств, выявлять системные проблемы и барьеры в сфере государственных услуг, препятствующих развитию бизнеса, принимать комплексные меры по их решению.

В списке проблем, создающих преграды деятельности субъектов малого предпринимательства занимают проблемы взаимодействия предпринимателей с госорганами. Однако эти проблемы уже находят свое решение, государство снимает все больше административных барьеров, создает максимально упрощенные процедуры ведения законного бизнеса. Фактором же, сдерживающим развитие бизнеса, остается коррупция.

Убежден, что диалоговой площадкой, на базе которого можно решить немало проблем предпринимателей, в том числе и по антикоррупционной линии является Общественный совет при Департаменте Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области.

Немаловажно то, что одной из функций

Общественного Совета является разработка предложений по совершенствованию правовых норм, регулирующих правоохранительную деятельность, связанную с защитой законных интересов субъектов предпринимательства.

С подачи предпринимателей любые вопросы проблемного характера могут быть внесены и рассмотрены на заседании Общественного Совета.

Из совместных мероприятий следует отметить участие сотрудников департамента во втором областном форуме молодых предпринимателей, где представителям бизнес сообщества была донесена наша готовность – содействовать решению их проблем от коррупционных проявлений.

Как верно отмечает Президент в своем Послании, перед новым поколением государство открыло все двери и все пути. Поэтому молодым людям следует проявлять смелость в реализации амбициозных и перспективных идей, не опасаясь за будущее начатого дела. Так как предприниматели являются двигателем экономики, создают новые рабочие места и пополняют республиканский бюджет, государство будет всячески вас поддерживать.

Более того, цель – войти в 30-ку ведущих стран мира возможна исключительно при участии предпринимчивых организаторов и смелых новаторов, умеющих вести честный, социально ответственный бизнес.

Подчеркиваю, не один заслуживающий внимания вопрос предпринимателей не останется вне поля зрения Департамента. Но, только благодаря вовлеченности самих предпринимателей в процесс противодействия коррупции, мы сможем добиться отторжения коррупции всем обществом. В свою очередь Казахстан станет привлекательным для инвестиций, а развитие бизнеса станет динамичным.

Ержан ИБРАИМОВ,

руководитель Департамента по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области



Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай

Тұсаукесер

«МЕНИЦ ОТБАСЫМ – МЕНИЦ ТІРЕГІМ»

Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы аясында өткен «Менің отбасым – менің

руановтар орындаған күйі, Әйтiмбетовтердiң кавказ халықтарының және Дошмановтар отбасынан кiшкентай қыз-



тірегім» қалалық фестиваліне қаламызда тұратын бес отбасы қатысты. Олар: Кеңесовтер, Әбсаматовтар, Наушаруановтар, Әйтiмбетовтер және Дошмановтар отбасылары. Аталған отбасылардың алды – жет-пістен асса, соңғылары отызды орталағандар еді. Байқау қатысушылары бағдарлама бойынша 4 шартты тапсырманы орындау арқылы бақтарын сынға салды. Қатысушыларды бағалауға алқа төрағасы, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Д.Дүйсембаев, қазақ тілі қоғамының төрағасы, «Приозерский вестник» газетінің бас редакторы Б.Кенжебеков, қала тұрғыны А.Садуақасова, Приозерск қаласы орталық аурухана-

дар билеген ұлттық биі көрермендердің



ыстық ықыласына бөленіп, қошеметке лайық болды. Қазылардың бағалаған қортынды нәтижесі бойынша бірінші орынды Әбсаматовтар отбасы жеңіп алды. Екінші орын Кеңесовтердің еншісіне бұйырса, жүлделі үшінші орынға Әйтiмбетовтер ие болды. Жеңіске жеткен отбасыларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар тапсырылды. Байқауға белсене қатысқан Наушаруановтар мен Дошмановтар отбасыларына арнайы сертификаттар табыс

сының директоры Н.Шагиров, өнер және спорт мектебі әуен бөлімінің меңгерушісі А.Ахатаевалар қазылық етті.

Өздерін таныстыру, «Халықтың даналық сөздері», «Өнерлі отбасы» бөлімдерінен сайысқа түскен әрбір отбасы бұл байқауға халқадерінше дайындалып келгендерін көрсете білді. Әсіресе Әбсаматовтар отбасының басқы сөйлемі жасырылған мақал-мәтелді жылдам табуы, Кеңесовтер отбасының мүшесі орындаған «Елім менің» әні, Науша-



етілді. Приозерск қаласының халықаралық отбасы күніне арналған шарасында Қарағанды қаласынан келген өнер ұжымы концерттік бағдарламаларын ұсынды. Көрермен қауым әнші Ақбота Макежанова мен «Эксклюзив» би тобының өнеріне қошеметпен қол соғып отырды.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

ЖАС АҚЫН – ЖҮЛДЫЗДЫЦ ЖЫРЫ КІТАПҚА ЕНДІ

Өткен сәрсенбінің сәтті күні қалалық кітапханада мекеме басшысы Павлина Кенжебекова мен кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Жас толқын» клубының мүшелері және бітіруші түлектердің қатысуымен қаламызға ғана емес, аймақ көлеміне танылып қалған жас ақын қыз Жұлдыз Молдағалиевамен кездесу болды. Осыдан екі жыл бұрын кітапхана директорының бастамасымен ашылған «Жас толқын» клубының мақсаты – қаладағы сөз өнеріне бейім, соның ішінде ақындық жолға қадам қойған мектеп оқушылары мен жастарды ақындыққа баулу, жыр жазуларына бағыт беріп, тура жолды нұсқау, ақындардың шыққан жыр шығармаларымен таныстыру және қажетті

атынан алғыс білдірді. Қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген көлемді кітаптың көркемдік безендірілуі де әдемі жасалған. Әр ақын немесе жазушының суреттері берілген.

«Жас толқын» клубының жетекшілерінің бірі, Жұлдыздың жыр өнеріндегі ұстазы саналатын, осы мақаланың авторы – менің де бұл қуанышты сәттен тыс қалуыма болмас еді. Қаламыздың қарлығаш ақындарының есімі аймаққа танылып жатқанда, өзімнің ақ тілегімді білдіріп, ақын қызға Фариза, Ақұштап, Күлаш, Заида, берідегі Танакөз... апаларының жолын берсін, кітапқа енген бір өлеңі сәтті қадамының бастауы болып, том-том жыр кітаптарының шығуының алғысөзі, басқыш бастауы



кітаптарын таңдауына көмек көрсету болып табылады. Қалалық жыр байқауларында бәйге алып, жазғандары көрерменнің, қазылардың көңілінен шыққан, өлеңдері қалалық газетке жарияланған жас ақындарды облыс көлеміндегі баспаларға ұсыну, оқырмандар назарына ілдіру де осы клубтың басты мақсаты.

Соңғы жылдары жалынды, сезім қылын шертетін лирикалық өлеңдерімен оқырманын баураған Жұлдызды аймаққа танытқан да аталмыш «Жас толқын» клубы. Клубтың ұсынған Жұлдыздың Қарағандыға арнаған бір өлеңі аймақтағы жас ақындардың ішінен таңдалып, баспадан шыққан «Өр үмітті жастар» кітабына еніпті. Жұлдызбен кездесуге келген қатар-құрбылары, достары осы кітаптың тұсаукесерін жасады. Кітапхана директоры П.Сиязбекқызы жастар алдында сөз алып, Жұлдызды ауқымды кітапқа өлеңінің енуімен құттықтады және алдағы кезеңіне шығармашылық табыс тіледі. Аталған кітаптың шығуына мұрындық болған Ж.Бектұров атындағы облыстық балалар мен жастар кітапханасының басшылығына көпшілік

болғай, деп тілек білдірдім. Тұсаукесерге қатысушы жастарға өміріміздегі кітаптың алатын орны, рухани құдіреті, жыр жазудың азабы мен қуанышы, елге беретін тәрбиелік маңызы жайында түсінік бердім. №1 қазақ орта мектебінің түлегі, бірнеше жыр байқауларының бас жүлдесін жеңіп алған Жұлдыздың жыр өлкесінен ойып тұрып өз орнын алатынына сенемін және осы жолда оған үлкен жетістік пен жеңіс тілеймін!..

Жастарды, оқушыларды өз қамқорлығына алып, оларды кітапқұмарлыққа тартып, жырға бейім барларды ақындыққа баулып жүрген, қазақтың қанында бар өнердің жоқтаушысы бола білген кітапхана басшысы мен ұжымына алдағы уақытта да осы жақсы дәстүрдің жалғастырушылары бола беріндер дегім келеді!.. Енді осындай кездесуді Жұлдыз Молдағалиева оқыған №1 қазақ орта мектебінің ұжымы да ұйымдастырып, осынау үлкен жетістікті өсіп келе жатқан жас буынға үлгі етсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, ақын, газеттің арнаулы тілшісі

«Мәңгілік ел» – мұратымыз

МӘНГІЛІК ЕЛДІЦ МӘНГІЛІК ФОЛЬКЛОРЫ

Қалай дегенде де елдің елдігін, ұлттың ұлттығын танытатын басты белгі – өзінің төл мәдениеті. Қай мемлекетте де қадірлі қонақтар, шетелдік туристер сол елмен танысқанда оның зауытына, фабрикасына бармайды, музейлеріне, концерт залдарына барады, бұл елдің қандай байлары болған, қазір қандай бизнесмендері бар демеуі, қандай ұлы жазушылары, ақындары, композиторлары, суретшілері болған, қазіргі мәдениетінде әлем таныған қандай тұлғалары бар дейді. Өйткені, халықтың жаны мәдениетінен танылады. Сондықтан да Елбасының елдің ұлы мұраттарын белгілеген Жолдауындағы «Жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін берген жөн. Мәдени саясаттың ұзақмерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет» деген сөздер әр қазақтың жанына жаққаны анық. Бұлай етуге бізде берік негіз де бар. «Президент бастамасымен қолға алынған сол аса ауқымды, бірегей жоба таяуда межеге жетті – қазақ фольклорының 100 томының басын қосқан «Балалар сөзі» кітап сериясын шығару аяқталды.

даналығы болып шығады. Мысалы, немістің «Фольксвагені» «халықтық автомобиль» дегенді білдіреді. Олардың «Фольк унд Вельт» («Халық және әлем») деген баспасы да болған. Кезінде Әбіш Кекілбаевтың немісше қос томдығы сол баспадан шыққан. Әрине, сан түрлі себептерге байланысты фольклордың ауқымы мен сипаты бірдей емес. Еуропа мен Америка елдерінде фольклор дәл біздікіндей табиғи сипатын сақтай алмаған және біздікіндей түрге де бай емес. ТМД аумағындағы, әсіресе, түркі-моңғол тектес жұртта фольклор мол және жақсы сақталған, бірақ олардың дәл мөлшерін айту қиын. Соның өзінде де қазақ фольклоры әлем мәдениетіндегі бірегей құбылыс деп сеніммен айта аламыз. «Бабаларымыз бар байлығын жүрекке жинап, бар ақылын, бар дарынын, бар талантын, бар зергерлігін алдымен тілге салған ғой. Жалпы, әлемдегі бірде-бір халықтың фольклоры біз сияқты біртұтас серия болып, 100 том көлемінде жарық көрмегені анық» деген Алдан Смайылдың сөзі дәлел.

Фольклорсыз халық болмайды. Folk деген сөздің өзі «халық» деген мағына береді екен. All lore – «білім, даналық». Сонда фольклор – халық

Фольклор байлығы – мәдениет байлығының басты белгісі. Қай халық болса да, өзінің өміріне,

(соңы 4 бет.)

ХАН КЕНЕ – АЗАТТЫҚ ЖАРШЫСЫ

Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтетін мерейлі жылда қазақ елін басқарған хандар жайында деректер беріп отыруды мақсат етеміз. Қанатының астына алған халқының қамын ойдап, солардың еркіндігі мен әлеуметтік жағдайының жақсы болуын қалаған, жұртын жұмырлықтай жұмылдырып, жерінің шетіне көз алартқан сыртқы жаулардан қорғауға елін ұйыстырған және бостандық үшін күреске бастаған ақылды, көреген, жаужүрек хандар да өткен. Соның бірі және бірегейі – Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы. Біз бұл мақалада Кенесарының үлкен көтерілісті бастаудағы себебін және оны қалай бастағаны жөнінде сөз қозғамақпыз...

XIX ғасырдың 20-30-жылдарында отаршыл өкімет билігі мен қазақ халқының арасындағы қарым-қатынас елеулі түрде шиеленісе түсті. Біріншіден, Кіші жүз бен Орта жүздегі хан билігінің жойылуы сұлтандардың, билердің және батырлардың едәуір бөлігінің наразылығын туғызды. Екіншіден, патша үкіметі қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі жерлерін әскери бекіністер салу үшін жаппай тартып ала бастады. Үшіншіден, бұрын Ресейге ешқандай алым-салық төлеп көрмеген қазақтарға ендігі жерде жасақ, түтін салығы, жол салығы сияқты алым-салық түрлері көбейе түсті, қазақ өз жерін өзі жалға алып, пайдаланатын күйіне кеше бастады. Төртіншіден, патша үкіметінің әскери отрядтары қазақ ауылдарына шабуыл жасап, күн көрсетпеді. Осының бәрі байырғы жергілікті халықты қатты күйзеліске ұшыратты, олардың күн көрісін қиындағып жіберді. Көтерілістің басты мақсаты қазақтардың патша үкіметі тартып алған ежелгі жерлерін өздеріне қайтарып алу, округтерді тарату, отаршылар енгізген алым-салықтарды жою еді. Көтерілістің қозғаушы күші қатардағы қарапайым көшпелілер, сондай-ақ старшындар мен би, батырлар, тіпті сұлтандар да болды. Көтерілісшілердің қалың қолына үш жүздің атақты батырлары жетекшілік етті. Көтеріліске қатысушылар негізінен қазақ халқы еді. Бірақ олардың арасында орыстар мен башқұрт, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, тіпті поляктар және басқа халық өкілдері де болды. Олардың кейбіреулері ханның ерекше сенімі мен құрметіне ие болып, жоғары лауазымды қызметтер атқарды. Мәселен, Кенесарының өзінің хатшысы бұрынғы орыс солдатты болды. Наурызбай сұлтанның ағасы да Николай Губин есімді орыс еді. Тар Әлім Ягудин Әскери кенестің мүшесі болатын. Дипломатиялық қызметке ханның атынан өзбек Сейдаққожа Оспанов басшылық етті. Бұлардың бәрі де Кенесарыға жақсы ұйымдастырылған тәртіпті әскер құруына көмектесті және көтерілісшілерге өздерінің жеке тәжірибелерін үйретті. Кенесары Қасымұлы – аса көрнекті мемлекет қайраткері болып саналады. 1837-жылы Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс басталды. Ол Қазақстандағы ірі көтерілістердің бірі еді. Оған үш жүздің қазақтары түгел қатысты. Кенесары тарих сахнасына өзінің ұлы бабасы Абылай ханның ісін жалғастырып, алға алып барушы ретінде шықты. Сұлтан Кенесары 1802-жылы дүниеге келген. Ол Қасым сұлтанның бел баласы, Абылай ханның туған немересі еді. Көтерілістің болашақ басшысы Кенесары бала кезінен-ақ ақ құлағында ойнады, құралайды көзге атқан мерген болды. Қажығасы қанды ғажайып аңшылығымен, қара қылды қаз жарған әділдігі-

мен, ерік-жігері, қажығасымен және жүрек жұтқан батыллығымен, қайтпас қайсар қаһармандығымен танылды. Оның бойында ұйымдастырушылық және әскери қолбасшылық таланты мол болатын. XIX ғасырдың орта кезіндегі орыс зерттеушілерінің бірі Л.Майер «Кенесарыға көзсіз ерлік тән еді»-деп жазды. Замандастарының сипаттауына қарағанда, ол ашаң жүзді, орта бойлы және жауырыны қақпақтай, төртпақ тұлғалы болған. Аз сөйлеп, көп тыңдайтын, өзін-өзі аса байсалды ұстай білетін. Әңгімелескен адамының пікіріне әрқашан мұқият назар аудартатын. Қонақжай қасиеті ерекше күшті еді. Әкесімен және ағаларымен бірге жүрген кездерінде олардан қолбасшылық тәжірибесін едәуір үйреніп алған болатын.

Көтеріліс Кенесарының патша үкіметінің саясатын жарамсақтана қолдаған жексұрын сұлтандар мен билердің ауылдарын шауып алудан басталды. Ол шекара шебіндегі бекіністерге де, патша үкіметінің әскери жасақтарына да жиі шабуыл жасап тұрды. Мәселен, 1837-жылдың аяқ кезінде Кенесары хорунжий Рывтовтың отрядын тас-талқан етіп жеңіп шықты. Ол отрядтың құрамында 6 урядник және 48 сибір қазағы болатын. Олар Петропавлдан Ташкентке бара жатқан сауда керуенін күзетіп бара жатқан еді. Кенесары 1838-жылы өзінің адамдарын Батыс Сібір генерал-губернаторына жіберіп, оған арнайы хат жолдады. Хатында Ақтау бекінісі мен Ақмола приказаны жоюды, Омбыда тұтқында отырған өз адамдарын түгел босатуды талап етті. Генерал-губернатор Кенесарының адамдарының барлығын да саптағы мың солдаттың арасынан өткізіп, дүре соқтырды. Олардың әскерге жарайтындыры тұрақты армия қатарына алынып, қалғандары Шығыс Сібірге жер аудартылды. Генерал-губернатордың бұл қылығы Кенесары сұлтанның ашу-ызасын келтіріп, көтерілісті бастап жіберуін тездетті. Ол старшина Симоновтың әскери жасақтарына өлтіре соққы беріп, көптеген қару-жарағы мен оқ-дәрісін тартып алды. 1838-жылы Кенесарының сарбаздары Қоңырқұлжа Құдаймендіұлының ауылдарына шабуыл жасады, оның 12 мыңға жуық жылқысын айдап әкетті. Ақмола төңірегіндегі бекіністер тұрғындарының 2,5 мың малы қоса кетті. Сұлтан Кенесарының туған қарындасы Бопай бастаған сарбаздар Қөкшетау округінің ауылдарына шабуыл жасады. Кенесары жасақтарының белсенді әскери іс-қимылы 1838-жылдың тамыз айында басталды. Ол Ақмола бекінісіне таяу ірі елді мекенді алты күн бойы қоршауда ұстап, өртеп жіберді. Ақмола бекінісі мықты қорғалатын. Бекіністің төңірегіне терең ор қазылып, оған жете беріс жерлерге күшті кедергі-тосқауылдар қойылған болатын. Ақмола бекінісінің аға сұлтан Қ.Құдаймендіұлы мен әскери старшина Қарбышев бастаған отряд қорғады. Кенесары шабуылды 1838-жылдың 7 тамызында таң саз бере бастады. Оның сарбаздары бекіністі өрт шығаратын жебелермен атқылады. Бекініс өртке оралды. Кенесарының даңқты батырларының бірі Басықара бекіністің ішкі жағасына баса-көктеп кіріп барып, сұрапыл ұрыс салды. Ол осы шайқаста ерікпен қаза тапты. Бекініске Ағымбай, Иман, Бұқарбай батырлардың сарбаздары басып кірді. Кенесары ханның қазақ халқының бостандығы жолындағы тарихта қалған ұлт азаттығы көтерілісі осылай басталған еді...

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

Алақай, жазғы демалыс!

МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЛАГЕРЬДЕГІ ДЕМАЛЫС

Жазғы үлкен үзіліс ұзақ оқу жылынан кейін мектеп оқушыларының денсаулығын бекіту, денесін шынықтыру, күш жинау үшін беріледі. Бірақ бұл да олардың рухани баю, өз күштерін тексеру және байқап көру, қоршаған ортаны игеру және түсіну уақыты. Балалардың белсенді демалысы әдеттегідей спорт-сауықтыру лагерлерінде, шипажайларда, мектеп қарамағындағы жазғы сауықтыру лагерлерінде өтеді.

№2 МББК-інде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында балалардың күндіз болуымен мектеп жанындағы «Балуаса» лагері ұйымдастырылды. Балалардың жас мөлшері 6 жастан 10 жасқа дейін. Жазғы лагерде аз қаржыланған отбасылардың балалары, сондай-ақ жайсыз отбасы балалары және басқа да балалар тартылды. Жазғы ауысымды өткізу қажеттігі жазғы жағдайда оқу үрдісін жалғастыру, оқушы-



лардың денсаулығын бекіту, балаларды жазғы уақытта іспен қамту мәселесі секілді жайлардан туындап отыр. Лагерь бағарламасы балалардың қызығушылығы мен психологиялық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып жасалды. Мектеп жанындағы лагерьдің мақсаты: педагогикалық ұжым, ата-аналар қоғамдастығы, оқушылар, мектептен тыс ұйымдардың өзара қарым-қатынасын орната отырып,

(соңы 5 бет.)

МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ МӘНГІЛІК ФОЛЬКЛОРЫ

(соңы. басыз бет.)

тұрмыс-тіршілігіне, пайым-түсінігіне сай мәдениет жасайды. Мәдениеттің материалдық та, рухани да түрі елдің қоғамдық дамуына байланысты дамып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазақ жұрты да өзінің ұзақ тарихында кезең-кезеңге сәйкес мәдениет жасап отырған. Бұрынғы сақ, ғұн, үйсін, түрік бабаларымыздан бастап, бүгінгі ұлттымыздың мәдениетіне шолу жасап, алуан түрлі мұрамыз және қазіргі заманға лайық түрлері көп мәдениетіміз бар екеніне көз жеткіземіз. Әсіресе, өмір салтының ерекшелігіне байланысты рухани мәдениетіміз өзіндік сипатта болған. Ол ауызша туындап, ауызша орындалып, ауызша тараған. Сөйтіп, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, бір дәуірден екінші дәуірге көшіп отырған. Жай ғана көшіп қоймаған, әр дәуір сайын толысып, толығып, жетіле түскен, үнемі даму, баю үстінде болған. Мұндай ескі мен жаңаның біртұтастыққа айналған қадамы, бір жағынан, алғашқы нұсқада сақталса, екінші жағынан, өзгеріске жаңғыра ұшыраған, үшінші жағынан, жаңа мәдениеттің негізін қалаған әрі оның ажырама бөлігіне айналған. Демек, әр уақытта рухани мәдениеттің өз ішінде күрделі үдеріс жүріп жатқан, сондықтан кей тұстарда мәдениет қоғам дамуынан озып, кейде кейін қалып отырған. Өкінішке қарай, рухани мәдениеттің дамуындағы осы заңдылық кеңес өкіметі кезінде есепке алынбай, мәдениет біржақты қаралып, таптық тұрғыдан ғана бағаланды. Сол себепті рухани мұра үстем таптікі және кедей таптікі деп, жасанды түрде екіге бөлінді де, оның біраз бөлігі жиналмай да, жарияланбай да қалды. Енді тәуелсіздіктің арқасында осы олқылықты жойып, халқымыздың мол мұрасын, фольклорын, дәстүрі мен салттарын және санғасырлық әдебиетін бөле-жармай зерделеу мүмкіндігі туы.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев халыққа 2003-жылғы Жолдауында «Халықтың мол мұрасын, соның ішінде осы заманғы мәдениетін, фольклорын, дәстүрлерін мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау» қажет деп атап көрсеткен болатын. Ойлауымыз көрінісі – 2003-жылы! Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге, өзіміздің жаңа мемлекетімізді құра бастағанымызға қазақша айтқанда, бір мүшелден де шыға қоймаған кезіміз. Жас еліміз әлі экономикалық жағынан төрт аяғына тік тұра қойған жоқ-ты. Шешілуін күтіп тұрған проблемалар жаш етекпен еді. Соған қарамастан Президент «Мәдени мұра» атты стратегиялық мәні бар бағдарлама жасапты, ұлттымыздың өзіндік болашағын сақтау үшін мәдени-тарихи, рухани мұрамызды жинау, жариялау және зерттеу керек екенін айрықша сезініп, қамқорлық

көрсетті. Мемлекет басшысының ұлттың рухани мұрасына мұншалықты мән беруі – болашақ ұрпақтың қамын ойлағандық һәм мәдениетке үлкен саяси және тарихи мән беріліп отырғанын білдіреді. Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың жаңа кезені, бетбұрыс дәуірі басталғанын білдіреді. Енді Тәуелсіздіктің жиырма үш жылында қол жеткен табыстарымызға сүйене отырып, заманауи Тұжырымдама жасалатыны күмәнсіз. Ол, сөз жоқ, халықтың рухани мұрасын жаңаша пайдалануға, оны креативті түрде дамытып, қоғам қажетіне, оның талабына жауап беретін мәдениет жасауға қызмет етері хақ. Осы тұрғыдан келгенде, «Бабалар сөзі» мәдениет қайраткерлеріне зор шығармашылық тірек бола алады, драматургтер, прозашылар, ақындар, режиссерлер үшін ол – нағыз қазына, таптырмас дерек, ескіртпе мұра, сарқылмас қазуар бұлақ.

Иә, кеңес кезінде де фольклор үлгілері шығып жатты. Бірақ, байқасаңыз, көп жағдайда жеке-кеңе тұндылар қайталанып шығып жатты. Әсіресе, батырлар жыры. Сол «Алпамыс», сол «Қобыланды», сол «Ер Тарғын», сол «Қамбар батыр» дегендей. Ара-арасында «Қырымның қырық батыры» да үзік-созық жарияланды. Бұл мол мұрамыздың тамшысы ғана болатын. Оның үстіне жарыққа шықпастан бұрын цензураның қатал сүзгісінен өтіп, мәтіндер «түзеліп», «күзетіліп» шығатын, «құдай» деген тұсты құртып, «алла» деген сөзді аластап дегендей, кейбір тұстарда тұтас шумкастар алынып тасталатын, сөздерді, тіркестерді өзгерту заңды саналатын. Кейді таптық мүддесі, атеизм, партиялық, халықтық, тәрбиелік маңызы деген сияқты идеологиялық, саяси қағидаттар қатаң сақталатын.

«Бабалар сөзі» сериясының басты мақсаты – халық мұрасын алааламай, молынан қамту, сөйтіп, елге өз байлығын қайтарып беру және ешқандай түзету енгізбей, хатқа түскен мәтінді сол калпында жария ету. Бұрынғы басшылар академиялық емес еді, олар, негізінен, ғылыми-көпшілік сипатта еді, сол себепті ондай жинақтарға «идеясы дұрыс», «көркемдігі тәуір» деген шығармалар таңдалып алынатын. «Ұлттық мұра» бағдарламасы аясында Қарағанды облысы шығармашылық адамдарының 100 томдығы жарыққа шығуы да Елбасының қолдауының арқасында жүзеге асты. Оған осы аймақта ғұмыр кешкен және бүгінде қалам тербеп жүрген ақын-жазушылардың жазғандары енді. Осы 100 томдыққа менің де өлеңім енгеніне, есімімнің ескерілгеніне қуаныштымын. Бұл жақсы дәстүрді алдағы уақытта да жалғасын табуына сенімдімін.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
азеттің арнаулы тілшісі

Міндет! Абырой! Ерлік!

ЖАУЫНГЕРЛЕР ДОСТАСТЫҒЫ

Күні кеше аталып өткен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің деңгейіндегі сержанттар құрамы арасында «Жауынгерлер достастығы» атты сайыс болып өтті. Аталған сайыста 06708 әскери бөлімінің сержанттар құрамы жалпы командалық есепте тұғырдың биік сатысына көтерілді. Сайыстың мақсаты қазақстандық жауынгерлердің сұрапыл соғыс жылдарындағы қаһармандық ерліктерін үлгі етіп, еліміздің айбынды армиясы сапындағы сержанттар құрамының жауынгерлік даярлығын шыңдау мен кәсіби біліктілігін арттыру болатын.

